

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттамасы №8

Күні: 17.12.25

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. «Жыл белестері: еңбек, ізденіс, нәтиже» мектептің I жарты жылдық есебі (директор Р.Ерубаета)
2. Оқушыларды тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру (мектеп директоры Р.Ерубаета, әлеуметтік педагог Ж.Төлеген)
3. Әр түрлі мәселе (қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Абдирова)

Тыңдалды:

Сөйлегендер

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Ерубаета «Жыл белестері: еңбек, ізденіс, нәтиже» тақырыбында қорытынды есеп беру отырысын ұйымдастырды. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту және оқу-тәрбие сапасын арттыру бойынша атқарылған жұмыстарға есеп берді. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары, Құқық бұзушылықтың алдын алу және «Заң және тәртіп» қағидатының орындалуына тоқталды. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралды. Отырыс барысында баяндама жасалып, қойылған сұрақтарға толық жауаптар берілді. Қатысушылар тарапынан ұсыныстар айтылып, бірқатар шешімдер қабылданды.

Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Төлген мектеп бойынша 2025-2026 оқу жылына 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап екі апталық ас мәзірі бойынша бастауыш сыныптар тегін тамақтанады. Сонымен қатар «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және ыстық тамақпен және әлеуметтік көмекпен қамту жағдайы мемлекеттік қызметті көрсету «Bilimal.Электронды мектеп» арқылы өтініш берген 5-11 сынып ата –аналары өтініштері қабылданған күннен бастап тегін тамақтанады. Бастауыш сыныптан -255 бала, 5-11 сыныптан -2 бала құжаттары бойынша тегін тамақтанады.

Айына екі рет мектеп әкімшілігі, медбике, кәсіподақ төрайымы, қамқоршылық кеңес мүшелері тамақтану сапасына мониторинг жүргізіп отырады.

2025 жылға оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету бойынша 5-11 сынып оқушыларына 87482,70 теңге, бастауыш сынып оқушыларына 20,567,000 теңге бөлінгенін ескертті.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Абдирова сөз алып 2025-2026 оқу жылында мектебіміздегі «Музыка», «Технология» қыздар, «Алғашқы әсері және технологиялық дайындық» кабинеттерін ішінара жабдықтауға, «Жеке кәсіпкерлер» Хасенова Ж., Чиякова А., Жұмабекова А., демеушілік көрсеткенін айтып өтті.


Қаулы етті :

1. №9 жалпы білім беретін мектеп директоры Р.Ерубаета баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын. Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.
2. Оқушылардың тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілуін қадағалау қамқоршылық кеңес мүшелеріне жүктелсін. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар сатып алуға көмек көрсету.
3. Оқу жылының соңында мектеп өміріне белсене араласқан ата-аналар, демеушілер қамқоршылық кеңес мүшелері атынан Алғыс хатпен марапатталсын

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Толеубек Г. 

Такабаева А. 

 Абдирова А.

Ансабай А. _____
Толубаев М. _____
Токишева Д. _____
Ербосынова А. _____
Абылай Р. _____
Чиякова А. _____
Исина Ж. _____
Шакирова А. _____

Хатшы

Сам

Сагимбекова Д.